

АгроОнеркесіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, үқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкі жекешелендіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1992 жылғы 8 ақпан N 616. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

"Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендірудің ерекшеліктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, аграрлық секторда меншіктің және шаруашылық жүргізудің түрлі формалары, селода көпукладты нарықтық экономикаға көшу үшін жағдайлар жасалуын жеделдету, товар өндірушілердің бәсекелестігін дамыту және кәсіпкерлік қызметті ынталандыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет органдары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің, "Қазастықөнімі", "Қазмелиорация", "Қазагрожөнмаш" концерндерінің, "Қазтамақөнеркесіп", "Қазагроөнеркәсіптехника" бірлестіктерінің, Қазақ ауыл шаруашылық ғылыми академиясының қатысуымен жер-жерде мемлекеттік ауыл шаруашылық, үқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындардың мүлкін жекешелендіру жөніндегі жұмысты өрістетсін.

1992 жылғы 1 наурызға дейін жекешелендіру жөніндегі республикалық, облыстық және аудандық комиссиялар қалыптастырылып, меншікті реформалаудың нақты бағдарламаларын әзірлесін және оларды жүзеге асыруға кіріссін. Бағдарламаларда жекешелендіруге жататын шаруашылықтар мен кәсіпорындардың тізбесі және бұл жұмыстарды өткізу мерзімі көрсетілген тәртібі (жүзеге асыру механизмі) бейнеленуге тиіс.

2. Жергілікті әкімдер, Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру процесінде ауыл шаруашылық товар өндірушілерге жер участкерлерін беру жөніндегі жұмысты үйымдастырысын.

Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін қалыптастыруға байланысты ол жұмыс істей бастағанға дейін жер реформасын жүргізу жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қазіргі жерге орналастыру

қызметіне жүктеледі.

Жергілікті әкімдерге 1992 жылғы 1 сәуірге дейін "Қазақ КСР-індегі жер реформасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-статьясына сәйкес бір қызметкерге тиесілі орташа жер үлесінің мөлшерін әрбір шаруашылық бойынша бекіту міндеттелсін.

6. Жекешелендірілетін кәсіпорынның әрбір қызметкеріне, оның ішінде пенсияға шыққан қызметкеріне де оның шаруашылықтағы жұмыс стажына және сінірген еңбегіне сәйкес сол кәсіпорынның ұжымы анықтайтын тәртіппен мүліктің үлесі (пай) беріледі.

Еңбек ұжымының шешімі бойынша мүліктің үлесі (пай) кәсіпорынның территориясында орналасқан және оған қызмет көрсететін әлеуметтік сала объектілерінің қызметкерлеріне берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ауыл шаруашылық ғылыми академиясы 1992 жылғы 1 наурызға дейін мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары мүлкінің құнын бағалау методикасын және оны ұжымдық немесе жеке меншікке беру (сату) тәртібін әзірлейтін болсын.

7. Қаржы-есеп айырысу қызметін қамтамасыз ету үшін шағын кәсіпорындар, кооперативтер, шаруа қожалықтары ассоциацияларында (бірлестіктерінде) агенттік немесе Қазақ акционерлік коммерциялық агроОнеркәсіп банкісінде немесе басқа банкілерде өкілдіктер ашылсын.

8. Мемлекеттік ауыл шаруашылық балансында тұратын әлеуметтік саланың объектілері (халықа білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау мекемелері), әдетте, жекешелендіруге жатпайды және халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің меншігіне беріледі. Оларды күтіп ұстау меншік иесінің және кәсіпорындардың ұжымдары есебінен уағдаластық шарттар негізінде қамтамасыз етіледі.

9. Мемлекеттік құс фабрикаларын, ірі мал шаруашылық кешендерін және теплица шаруашылықтарын жекешелендіру олардың акционерлік қоғамдарға, басқа да шаруашылық қоғамдарына немесе серіктіктерге айналдыру арқылы солармен технология жағынан байланысы бар селолық және өзге де товар өндірушілерге акцияларды (үлестерді) басым сатып алу хұқын бере отырып, үздіксіз өндіріс процесін сақтау шартымен жүзеге асырылатын болсын.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі, Қазақ ауыл шаруашылық ғылыми академиясы оқу, оқу-тәжірибе, тәжірибе-эксперименттік шаруашылықтардың, тәжірибе станцияларының, ипподромдардың, асыл тұқымды мал заводтарының, сондай-ақ дәрігерлік кәсіпорындар мен ұйымдардың, химияландыру мен өсімдіктерді қорғау мүлкін жекешелендіру туралы 1992 жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

мұлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсыныс табыс етсін.

11. <\*>

Ескерту. 11-ші тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің  
1995.10.19. N 2553 Жарлығымен.

13. "Қазтамақөнеркәсіп" бірлестігі, "Қазастықөнімі" концерні Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып, қант, май, тоң май, темекі, сыра қайнату, шарап жасау, балық, астық өндіреу және наубайхана өнеркәсібі кәсіпорындарының, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру тәртібі туралы 1992 жылғы бірінші сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне ұсыныстар енгізсін.

Аталған ұсыныстар берілетін шикізатқа қарай өзара тиімді түрғыда жекешелендіретін кәсіпорындармен шарттық байланыстары бар селолық товар өндірушілердің мұдделерін толық қанағаттандыруға негізделуге тиіс.

14. Ауыл шаруашылық өнімін өткізу үшін жекешелендірілетін қоғамдық тамақтандыру мен сауда кәсіпорындарын ауыл шаруашылық товар өндірушілердің сатып алуға қатысуына басым хұқық берілсін.

15. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру өтпелі кезеңінде өнім өндірудің кеміп кетуін болдырмау үшін:

1992-1993 жылдары тамақ өнімдері мен ауыл шаруашылық шикізатын өндіру көлемін кемітуге жол бермеу жөнінде арнайы қаулы қабылдансын;

"Қазақ КСР-інде ауылды, селоны және өнеркәсіп кешенін басым дамыту туралы" Заңның мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсететін кәсіпорындарды ұжымдық, кооперативтік шаруашылықтар, шаруа қожалықтары, сондай-ақ азаматтар мен занды ұйымдардың жеке меншікке негізделген шағын және басқа кәсіпорындарды материалдық-техникалық жабдықтауды жақсартуға қатысты бөлігінің талаптары бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін. <\*>

Аталған мақсаттарға республика халық шаруашылығының барлық салаларындағы өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірістік потенциалы және базалар мен қоймалардағы босалқы товар-материалдық байлықтар барынша пайдаланылсын.

ЕСКЕРТУ.15-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1993.09.23.

N 1350 жарлығымен.

16. Жекешелендіру және ұйымдық құрылымдары реформалау туралы шешім қабылданған кәсіпорындар бір ай мерзім ішінде өздерінің жарғыларын әзірлең, еңбек ұжымдарының жиналыстарында бекітуге және жергілікті атқарушы өкімет органдарында тіркеуге міндетті.

Осы Жарлыққа сәйкес жекешелендіріп, реформаланған кәсіпорындарға атап беру және атын өзгерту сол кәсіпорындар ұжымдарының өтініші мен жергілікті атқарушы өкімет органдарының ұсынысы бойынша халық депутаттары облыстық Қеңестерінің

шешімдерімен жүргізіледі.

17. Өздерінің ұйымдық құрылымдарын реформалаудың осы Жарлықта белгіленген тәртібін қолдану колхоздарға ұсынылсын.

18. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті екі ай мерзім ішінде Қазақстан Үкіметінің барлық нормативтік актілерін осы Жарлыққа сәйкестендіретін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті